

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

Б Ұ Й Р Ы Қ №126

Қызылорда қаласы

« 29 » ____ 08 ____ 2022 жыл

**№39 «Қызылөзек» орта мектебінде
2022-2023 оқу жылының басталуы
туралы**

Қалалық білім бөлімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №95-н/қ санды бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының басталу мерзімі 2022 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін.

1.1. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда -35 оқу аптасы, 2-11(12)-сыныптарда 36 оқу аптасы болып белгіленеді.

1.2. **Оқу жылы барысындағы каникул кезендері:** 1-11(12) сыныптарда күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан -6 қараша аралығында), қысқы-9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан-2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі-9 күн (2022 жылғы 18 -26 наурыз аралығында);

1.3. 1 сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) мерзімінде белгіленеді.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Сармановаға жүктелсін.

**№ 39 «Қызылөзек» орта
мектебінің директоры**



Ж. Байжанов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 27 » тамыз 2022 ж.г.
Қызылорда қаласы

№ 95 к/с
город Кызылорда

Орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау
туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қызылорда облысының білім басқармасының 25 тамыздағы №48 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің сектор меңгерушісі С. Калмаханова жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап коданысқа енгізіледі.

Негізі: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 12.08.2022 жыл №363 бұйрығы,
Қызылорда облысының білім басқармасының 25.08.2022 жыл №48 бұйрығы.

Бөлім басшысы

Е. Боданов



000875